

ҚАЗАҚ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 20 желтоқсан 1993 ж. N 1272

Агроөнеркәсіп кешенінің тамақ өнеркәсібі салаларын ғылыми қамтамасыз етуді жақсарту, ғылыми әлеуетті барынша толық пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы мен "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясының Қазақ тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу жобалау-технологиялық институты ғылыми-зерттеу жұмыстары бөлімінің негізінде Қазақ тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институтын құру және оны Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының қарамағына беру жөнінде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Ғылым және жаңа технология министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

Аталған институтты құру Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының ғылыми-зерттеу жұмыстарына бөлген қаржы және материалдық ресурстарының, бюджеттік қаржылары мен басқа да лимиттері мен нормативтері шегінде жүргізілетін болсын.

2. Қазақ тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институтына тамақ өнеркәсібінің наубайхана, кондитерлік, қант, май, жеміс-консерві, шарап жасау, сыра-алкогольсыз сусын, спирт, ликер-арақ, ашытқы, шай және темекі өндірісі салаларын ғылыми қамтамасыз етуді мына бағыттарда жүргізу:

биотехнологияның, микробиологияның, мембранды технологияның, толқынды пысықтаудың, экструзияның және басқа өнімнің сапасын жақсартып, оның сақтау мерзімін ұзартатын әдістері негізінде жаңа технологиялық процестерді әзірлеу;

шикізаттың жергілікті және дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып өнімнің жаңа түрлерін әзірлеу;

шикізат және отын-энергетикалық ресурстарын үнемдеуге мүмкіндік беретін қалдықсыз технологиялар жасау;

тамақ өнеркәсібі салаларына арналған жабдықтар жасау және оларды жетілдіру;

тамақ тауарларының маркетингі;

тамақ өнеркәсібі салаларын дамыту және олардың жұмысын

экономикалық реттеудің механизмін (басқару, қаржыландыру, баға

және салық саясатын) жасау жүктелсін.

3. Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясына 2 айлық мерзім ішінде Қазақ тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институтының құрылымын бекіту ұсынылсын.

4. Алматы қаласының әкімі, "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясы және Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы Мемлекеттік мүлік жөніндегі қалалық комитетпен бірлесіп, институтты, оның дамуын ескере отырып, бір ай ішінде орналастыру мәселесін шешетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі